



«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің 2023 ж. 27
желтоқсандағы шешімімен
БЕКІТІЛГЕҢ
(№9 хаттама)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы-Ректорының, Басқарма мүшелері мен бас бухгалтерінің
еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы
ЕРЕЖЕ

Қарағанды - 2023

1. Жалпы ережелер

1. Ереже Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің (бұдан әрі - Қоғам) басшы қызметкерлеріне және бас бухгалтеріне еңбекақы төлеу және еңбегін ынталандыру мәселелерінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңы, Премьер-Министр орынбасарының - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережені бекіту туралы» 2023 жылғы 29 шілдедегі №326 Бұйрығы, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы, 2023-2026 жылдарға арналған «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ және университет оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы арасындағы ұжымдық шарттың негізінде әзірленді.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұжымдар:

1) еңбекке ақы төлеу – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне және осы Ережеге сәйкес қызметкерге еңбегі үшін сыйлақының міндетті төлемін қамтамасыз етуге байланысты қатынастар жүйесі.

2) лауазымдық айлықақы – жұмыскердің біліктілігі, орындалатын жұмыстың күрделілігі, саны, сапасы мен жағдайлары ескеріле отырып, еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындағаны үшін жұмыскердің айына еңбекақы төлеудің тіркелген мөлшері;

3) жылдық сыйлықақы – қол жеткізілген жетістіктерді материалдық көтермеленеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында Қоғамның басшы қызметкерлеріне жұмыс нәтижелеріне қарай жылына бір рет төленетін, бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлақы. Жылдық сыйлықақы тұрақты сипатта болмайды;

4) материалдық көмек – жұмыскер қызметінің нәтижелерімен байланысты емес, Ұжымдық шартта айқындалған тәртіппен жұмыскерді әлеуметтік қолдауға арналған өндірістік емес сипаттағы төлем.

5) сауықтыруға арналған жәрдемақы – қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылы бір рет жузеге асырылатын төлем.

3. Қоғамның басшы қызметкерлеріне мыналар жатады:

- 1) Басқарма Төрағасы-Ректор;
- 2) Басқарма мүшелері.

4. Қоғамның басшы қызметкерлері мен бас бухгалтерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру Қоғамның ағымдағы қаржы жылына арналған даму жоспарында еңбекке ақы төлеуге көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

5. Қоғамның басшы қызметкері мен бас бухгалтерінің айлық лауазымдық жалақысының мөлшері, жылдық сыйлықақысын алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалатын еңбек шартында айқындалады.

2. Басшы қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру, әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және әлеуметтік төлемдер төлеу шарттары

6. Қоғамның басшы қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысының мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

7. Қоғамның басшы қызметкерлерінің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға мүдделілігін күшету үшін жылдық сыйлықақы төленеді.

8. Қоғамның басшы қызметкерлерінің жылдық сыйлықақысының мөлшерін Даму жоспарын орындаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне байланысты әрбір басшы қызметкердің қызметін бағалауға жеке көзқарас негізінде Директорлар кеңесі айқындейді және оның шекті мөлшері бес лауазымдық айлықақыдан аспауға тиіс.

9. Басқарма Төрағасы-Ректор мен басқарма мүшелерін жыл сайын Директорлар кеңесі бағалайды. Олардың қызметін бағалаудың негізгі критерийі қоғамның даму жоспарын

негізге ала отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін қойылған КРІ қол жеткізу болып табылады. Басқарма Төрағасы – Ректордың және Басқарма мүшелерінің КРІ қоғамның даму жоспарының көрсеткіштеріне және қол жеткізілген нәтижеге сәйкес олардың жоспарлы мәндерін салыстыру арқылы КРІ кестесі түрінде өзірленеді. Басқарма мүшелерінің КРІ бөлігіндегі ұсыныстарды Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

10. Басшы қызметкерлерге жылдық сыйлықақылар аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгенен кейін қаржы жылышын қызметкерлерге берілгенде өзірленеді.

11. Басшы қызметкердің орташа жалақысын есептеу жылдық сыйлықақы есепке алынбай, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

12. Басқарма Төрағасы-Ректорға және Басқарма мүшелеріне материалдық көмек көрсету Қоғамның Даму жоспарында көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

13. Басқарма Төрағасы-Ректорға және Қоғамның Басқарма мүшелеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде бір айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

14. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген сынақ мерзімі кезеңінде Басқарма мүшелеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеу жүзеге асырылмайды.

15. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларға арналған әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді.

16. Басқарма төрағасы-Ректор мен Басқарма мүшелері 55 (елу бес) - әйелдерге, 60 (алпыс), 70 (жетпіс), 80 (сексен) жасқа толғанда – әйелдер мен еркектерге 50 АЕК мөлшерінде біржолғы сыйақы төленеді.

17. Басқарма Төрағасына-ректорға және Басқарма мүшелеріне материалдық көмек белгіленген тәртіппен Қоғамның қаражаты есебінен мынадай жағдайларда төленеді:

- отбасы мүшелерінің біріне немесе олар болмаған жағдайда жерлеу рәсімін үйимдастыруды өзіне алған адамға біржолғы төлеммен 100 АЕК аспайтын мөлшерде басшы қызметкердің қайтыс болуына байланысты;

- жұбайының(зайыбының)/балаларының, басшы қызметкердің ата-анасының қайтыс болуына байланысты – біржолғы төлеммен 50 АЕК мөлшерінде;

- басшы қызметкерді емдеуге/операцияға байланысты – 50 АЕК мөлшерінде;

- баланың тууына байланысты - екі айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде.

18. Басқарма Төрағасы-Ректорға және Басқарма мүшелеріне материалдық көмек көрсету барлық растайтын құжаттарды (ауру тарихынан үзінді, емдеуші дәрігердің қорытындысы, шығыстарды растайтын құжаттар және т.б.) қоса бере отырып, өтініш негізінде жүргізіледі.

3. Бас бухгалтердің енбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру, әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және әлеуметтік төлемдер төлеу шарттары

19. Қоғамның бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақысының мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

20. Қоғамның бас бухгалтерінің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға мүдделілігін күшету үшін жылдық сыйлықақы төленеді.

21. Қоғамның бас бухгалтерінің жылдық сыйлықақысының мөлшерін Даму жоспарын орындаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне байланысты бас бухгалтердің қызметін бағалау негізінде Директорлар кеңесі айқындауды және оның шекті мөлшері бес лауазымдық айлықақыдан аспауға тиіс.

22. Бас бухгалтердің орташа жалақысын есептеу жылдық сыйлықақыны есепке алмай, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

23. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде бас бухгалтерге бір айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді.

24. Бас бухгалтерге өзге де әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер Қоғамның Ұжымдық шартына сәйкес төленеді.

4. Басқа шарттар

25. Гранттық және/немесе бағдарламалық-нысаналы және/немесе шаруашылық келісімшарттық қаржыландыру шенберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруға Қоғамның басшы қызметкерінің қатысуы кезінде және/немесе ПОҚ міндеттерін қоғамда қоса атқару кезінде осы жұмыс түрлері бойынша еңбекақы төлеу қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жеке жүзеге асырылады.

26. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

27. Осы Ережемен реттелмейтін бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет.